

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2015 жылғы 1 қазан

Астана қаласы

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ алғаш рет «Береке» шағын қаржы ұйымына кепілдіксіз 200 млн. теңге болатын несиенің алғашқы траншы – 150 млн. теңгесін берді. Бұл қадам өз кезегінде әрі қарай ауыл тұрғындарының қаржылық қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында қабылданып отыр.

Ағымдағы жылдың шілде айында Қордың директорлар Кеңесінің шешімімен шағын қаржы ұйымдарын кепілдіксіз несиелендіру туралы бағдарлама шартына өзгеріс енгізілген еді. Мұндай қолдауды алу үшін шағын қаржы ұйымына қаржылық жағдайының тұрақты болуы, төлемдік қабілеті бар, бюджетке салықтық және басқа да міндетті төлемдер бойынша, екінші деңгейлі банктер мен басқа да қаржы институттары алдында мерзімі өткен берешегінің болмауы, жағымды несиелік тарихы сынды талаптар қойылады. Сонымен қатар, нарықта жұмыс істеу тәжірибесі 36 айан кем болмайтын, несиелік қоржыны кемінде 150 млн. теңгені құрайтын, Қоғамда жұмыс істейтін рейтинг беру методикасына сәйкес несиелік рейтингінің болуы міндетті.

Қарыз 10 миллионнан 350 млн. теңге сомасына дейін беріледі. Түпкі қарыз алушылар жеке тұлғалар – 3 млн. теңгеге дейін, заңды тұлғалар – 8000 мыңдық айлық есептік көрсеткіш сомасына дейін ала алады. Кепілдіксіз несие жылдық 12 % сыйақы үстемесімен беріледі, ал жылдық тиімді сыйақы үстемесі 12,6 %-дан аспайтын болады. Түпкі қарыз алушылардың сыйақы үстемесі шағын қаржы ұйымдарының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес анықталады, алайда ол көрсеткіш 2012 жылдың 24 желтоқсанындағы №37 ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулысымен бекітілген жылдық тиімді сыйақы үстемесі мөлшерінен аспайды.

«Береке» шағын қаржы ұйымы» ЖШС Шығыс Қазақстан облысы аумағында тіркелген. Қарыз алушылары негізінен ШҚО, Павлодар облыстарының тұрғындары. 1997 жылы Семей өңірі әйелдерін шағын несиелендіру үшін БҰҰ Даму бағдарламасы мен Мейірімділік Халықаралық Корпусының пилоттық жобасы ретінде жұмысын бастап, 2003 жылдың мамырында «Береке» қазақстандық шағын несие ұйымы» қоғамдық қорына айналды. 2014 жылдан бері қоғамдық қордан «Береке» шағын қаржы ұйымы» ЖШС болып қайта құрылды. Осы уақыт аралығында ұйым 4 721 ауыл халқын несиелендірген.

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы берілетін қаржы әрі қарай ауыл халқы мен шағын және моно қалаларда өз ісін ашамын не кеңейтемін деген жеке және заңды тұлғаларға ауылда мал шаруашылығымен айналысуға, шағын және моно қалаларда, ауылда бизнестің басқа да түрлерімен айналысуына бағытталатын болады.

Жалпы, 2008 жылдан бері Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры шағын несие (шағын қаржы) ұйымдарын қолдау мақсатында **9,4 млрд. теңге бағыттап, нәтижесінде 22,7 мың түпкі қарыз алушыға несие берілді.**

Анықтама үшін: «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы - «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ құрамына кіретін мамандандырылған қаржы-несиелік ұйымы болып табылады.

2007 жылдан бастап «ҚазАгро» Ұлттық Басқарушы Холдингі» АҚ құрамына кіреді. Қордың миссиясы – ауылдық кәсіпкерлікті дамыту, ауылды жерлерде тиімді шағын несиелеу жүйесін дамыту арқылы халықтың хал-ауқатын арттыру.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ баспасөз қызметі

Тел. 8 /7172/ 678 250, e-mail: pressa@fagri.kz

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

1 октября 2015 года

г.Астана

Фондом финансовой поддержки сельского хозяйства с целью расширения охвата и доступа к финансовым услугам сельских жителей впервые одобрен беззалоговый заем на сумму 200 млн. тенге микрофинансовой организации «Береке». Фонд выдал первый транш – 150 млн. тенге.

Напомним, в июле этого года советом директоров Фонда были внесены изменения в условия кредитования, дающие возможность без залога кредитовать микрофинансовые организации. При этом МФО должна быть платежеспособной и финансово устойчивой, не должна иметь просроченной задолженности по налогам и другим обязательным платежам в бюджет, перед БВУ и другими финансовыми институтами, обязательна положительная кредитная история при ее наличии. К МКО, финансируемым без обеспечения займа, дополнительно к вышеуказанным требованиям прибавляются обязательный опыт работы не менее 36 месяцев на рынке, размер кредитного портфеля - не менее 150 миллионов тенге, наличие кредитного рейтинга согласно Методике присвоения рейтингов, действующей в Обществе.

Сумма займа при этом варьируется от 10 до 350 млн. тенге, сумма кредитов для конечных заемщиков – до 3 млн. тенге (физические лица) и до 8000 МРП (юридические лица). Ставка вознаграждения составляет 12% годовых по беззалоговому кредитованию, годовая эффективная ставка при этом – не более 12,6%. Ставки вознаграждения для конечных заемщиков утверждаются в соответствии с внутренними нормативными документами МФО, но не более предельного размера годовой эффективной ставки вознаграждения, установленной Постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 24 декабря 2012 года №37.

ТОО «Микрофинансовая организация «Береке» зарегистрирована на территории Восточно-Казахстанской области. Заемщиками являются жители ВКО и Павлодарской областей Казахстана. История создания начинается с 1997 года как пилотного проекта Программы Развития ООН и Международным Корпусом Милосердия направленный на микрокредитование женщин в Семипалатинском регионе. В мае 2003 года персонал проекта учредил общественный фонд «Казахстанская микрокредитная организация «Береке». В августе 2014 года Общественный Фонд «Казахстанская микрокредитная организация «Береке» был реорганизован путем преобразования из общественного фонда в коммерческую организацию ТОО «Микрофинансовая организация «Береке», за это время количество прокредитованных организацией сельских жителей составило 4 721 человек.

Заемные средства, выданные Фондом, будут направлены на дальнейшее микрокредитование физических и юридических лиц, организующих либо расширяющих собственный бизнес на селе, в моно- и малых городах на развитие животноводства, растениеводства и другие виды бизнеса на селе, в малых и моногородах.

В целом, начиная с 2008 года, на финансовую поддержку микрокредитных (микрофинансовых организаций) **Фондом финансовой поддержки сельского хозяйства направлено порядка 9,4 млрд. тенге, выдано 22,7 тысяч микрокредитов конечным заемщикам.**

Для справки: Фонд - специализированная финансово-кредитная организация, предоставляющая услуги по микрокредитованию сельского населения, сельскохозяйственных товаропроизводителей, субъектов малого бизнеса, а также кредитованию микрокредитных организаций, предоставляющих свои услуги в сельской местности.

С 2007 года входит в структуру АО «Национальный управляющий холдинг «КазАгро». Миссия Фонда - развитие сельского предпринимательства и улучшение благосостояния населения путем развития эффективной системы микрокредитования на селе.

Пресс-служба АО «Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства»

Тел. 8 /7172/ 678 250, e-mail: pressa@fagri.kz